

## Әлеуметтік педагогтың жұмыс есебі 2023-2024

№9 «Колтоған» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мектепте тамаз айының бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындалып бекітілді.

Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды. Қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік төлқұжаттары сынып жетекшілермен бірігіп жасалынды. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен 1-4 сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы балалар толық ыстық тамақпен қамтылды 5-11 сынып аралығында 35 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі Ж.Сарсенова және әлеуметтік педагог Д.Саулебеков бақылап отырамыз. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысын, әр түрлі жағдайына қарай тізімі жасалынды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, сәтсіз отбасы, көп балалы оқушылардың әлеуметтік төлқұжатты жасалынды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны 698. Ұл бала саны 352, қыз бала саны 346. 5-11 сынып арасында тегін ыстық тамақ ішетін оқушы саны 35. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 1. Жартылай жетім балалар саны 28. Шешесі қайтыс болған 7. Әкесі қайтыс болған 21. Көпбалалы отбасыдан шыққан балалар саны 42. Аз қамтамасыз етілген отбасы балалар саны 27. Ажырасқан отбасы балалар саны 25. Мүгедек (үйде оқытылатын) балалар саны 1.

Мектебімізде 2023-2024 жылы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілді. Ақцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Ақцияның мақсаты – оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж толық емес отбасылар, көп балалы отбасы, аз қамтамасыз етілген отбасы балалар. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына демеушілер тарапынан 8 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді: АӘК алатын отбасы балаларына мемлекет тарапынан 31 балаға 40500 теңгеден мектеп формасын қаржы көмек берілді. Желтоқсан айында қайырымдылық акциясын өткіздік. Мектеп ұжымы ұйымдастыруымен 12 оқушыға жаңа жылдық сыйлық берілді.

Мектеп директоры

Қ.Тұрсынбекова

Әлеуметтік педагог

Д.Саулебеков

